

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 31 шілдедегі N 1195 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 22 маусым N 577.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.27. N 1258 қаулысымен. ~P991258

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруді, этил спиртін сақтау мен сатуды, сондай-ақ алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтау мен көтерме сатуды лицензиялаудың тәртібі мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 31 шілдедегі N 1195 P971195_ қаулысына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 34, 323-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруді, этил спиртін сақтау мен көтерме сатуды, сондай-ақ алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтау мен көтерме сатуды лицензиялаудың тәртібі мен шарттары:

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Сауда алаңдары мен залдарын пайдалануды көздемейтін тауар қоймаларынан жүргізілетін сату, айырбастау, тегін беру, сондай-ақ кепілге салынған тауарларды кепіл ұстаушының меншігіне беру мақсатында көлемі шектелместен еркін тиеп-жөнелту алкогольді өнімдерді (сырадан басқа) көтерме сату болып табылады.";

мынадай мазмұндағы 40-1 тармақпен толықтырылсын"

"40-1. Алкогольді өнімді (сырадан басқа) сақтауға және көтерме

сатуға лицензиялар 40-тармақта көзделген талаптардан басқа:

шығындары және салықтар мен басқа да қаржылық міндеттемелері бойынша мемлекеттің алдында берешегі болмаған;

сауда-делдалдық қызмет саласында кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесі болған кезде беріледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК